ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

№ КВГА-13-ЮЛ-А-1693 - КВГА - 3255 от 15.03.2019

ЖШС «BIRLIK Construction»

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетімен *(ары қарай - Комитет)* Сіздің 2019 жылғы 22 ақпандағы № 29531 шағымыңыздың негізінде ұйымдастырушысы Түркістан қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік сатып алу бөлімі» ММ болып табылатын ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 3015339-2 мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, келесідегі анықталды.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының (бұдан әрі-Қағидалар) 85-1 тармағына сәйкес тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Қағидалардың 150 тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы негіздемесі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса.

Әлеуетті өнім беруші ЖК «Смарт Сервис» шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурстарына ие болмауы өз дәлелін тапты.

Осылайша, Сіздің шағымыңызда келтірілген дәлелдер өз растауын тапты.

Осы хатпен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Төрағаның орынбасары **Ш. Шайназарова**

Орын. Ахмет Е.А.
Тел. 71-83-60